

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

б е к і т і л д і

(2017 жылдың 24 мамырындағы
№ 49 отырыс хаттамасы)

2017 жылдың 13 желтоқсанынан бастап

қолданысқа енгізілді

**Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау
жөніндегі комитет туралы**

ҚАҒИДА

Алматы қ.

2017

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылдың 20 наурызындағы № 27 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2018 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау жөніндегі комитетті құру және оның жұмыс тәртібін, сондай-ақ функциясын және өкілеттілігін анықтайды.

1. Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) Биржа қызметкерлері арасынан қалыптастырылып, олардың біреуі Комитет төрағасы, ал қалғандары Комитет мүшелері болады.

Комитеттің сандық және тұлғалық құрамы Биржа Басқармасының Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның бұйырығымен анықталады. Бұл ретте Комитеттің төрағасы, әдетте, Биржа Басқармасының мүшелерінің бірі болады.

Биржа Басқармасының Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның бұйырығымен сондай-ақ, орнында жоқ Комитеттің төрағаның немесе Комитет мүшелерінің орнын басу тәртібі анықталуы мүмкін.

2. Комитеттің негізгі функциялары болып табылады:

- 1) Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, мақсаттар үшін бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын бағалаудың (бұдан әрі – Бағалау) әдістемелік негіздерін әзірлеу;
- 2) Биржаның ішкі құжаттарына Комитеттің құзырына жатқызылған, Бағалауды автоматтандыру кезінде қолданылатын, параметрлерді орнату;
- 3) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қор нарығының индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдерді қалыптастыру;
- 4) қор индексін есептеу мақсаттары үшін, еркін айналыстағы акциялардың санын анықтау;
- 5) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурызындағы шешімімен алып тасталған);*
- 6) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, өзге де функциялар.

3. Комитет құқылы:

- 1) Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда:

Бағалауды автоматтандыру кезінде қолданылатын, параметрлерді кезектен тыс орнату;

Биржаның ішкі құжаттарымен орнатылған, автоматтандырылған Бағалау кезінде қолданылатын параметрлерді өзгерту;

Автоматтандырылмаған Бағалауды дербес түрде жасау;

Биржа өткізетін сауда-саттықтарда жасалған жеке мәмілелердің параметрлерін және Биржа өткізетін сауда-саттықтарда мәміле жасасуға кейбір өтінімдердің параметрлерін, қор нарығының индикаторын есептеуден алып тастау;

(осы абзац Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурызындағы шешімімен алып тасталған);

- 2) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, өзге өкілеттіліктерін жүзеге асыру.

4. Комитеттің отырыстары, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, мерзімділік пен мерзімде, сондай-ақ, Биржа Басқармасы Төрағасының тапсырмасымен, немесе Комитет төрағасының бастамасымен, кез келген кезде өткізіледі.
5. Комитеттің отырысына Комитет мүшелерінің немесе олардың орнын басуға құқылы тұлғалардың кемінде үштен екі бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Биржа Басқармасы Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның бұйырығымен Комитет төрағасы болмаған кезде оның орнын басуға құқылы тұлға анықталмаса, Комитет отырысын шақырту және және отырысты жүргізу Биржа Басқармасы Төрағасының тапсырмасымен Биржа Басқармасының мүшесіне немесе оның орнындағы тұлғаға тапсырылады.

6. Комитеттің шешімдері, отырысқа қатысқан тұлғалардың қолы қойылатын, хаттамамен рәсімделеді.
7. Осы Қағида қажетіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен кем емес, жаңартылып отырады.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген